

## ЖШС «Асия»бөбекжай-балабақшасының өндірістік кеңес

### №1 хаттамасы

10.09.2025 ж

Қатысқандар:11

**Тақырыбы: ”Жаңа оқу жылына дайындық және шаруашылық жұмыстарын ұйымдастыру”**

### Күн тәртібі:

- 1.Ғимараттың санитарлық жағдайын тексеру.
- 2.Балабақшаға жеткізілетін азық-түліктің сапасын талдау.
3. 2025-2026 жылы жаңа оқу жылына қажетті құрал-жабдықтарды толықтыру.

Тыңдалды.

Балабақша меңгерушісі Г.Тойбол сөз алды.Жаңа оқу жылына дайындық барысында ең басты назар аударатын мәселелердің бірі-ғимараттың санитарлық жағдайы мен балалардың қауіпсіздігі.Санитарлық талаптардың сақталуы-біздің басты міндетіміз.Сонымен қатар,балалардың тамақтану сапасына ерекше көңіл бөлуіміз туралы айтты.Балабақша әдіскері Г.Жамалбекова сөз алды.Жаңа оқу жылына қажетті құралжабдықтар уақытында жеткізілуін,әр топқа қажетті оқу материалдары мен ойыншықтарын толық болуын қамтамасыз ету және бұл балалардың сапалы білім алып,жан-жақты дамуы үшін маңыздылығын түсіндірді.

Медбике Ж.Жамал өз сөзінде,санитарлық жағдай бойынша ғимаратта бірнеше жерге дезинфекциялық құралдар орнату қажет.Әсіресе,асхана мен ойын бөлмелерінде тазалыққа ерекше мән беру керектігін және балалардың денсаулығын сақтау үшін прфилактикалық шаралар жиі жүргізілуі керектігін атап өтті.

Үшінші мәселе.Балабақша шаруа меңгерушісі сөз алды.Құрал-Жабдықтар мен жөндеу жұмыстары бойынша барлығын уақытында орындап,бірақ асхана жабдықтарының кейбір бөліктерін ауыстыру қажеттігін айтты.

Келесі мәселе бойынша аспазшы сөз алды. Азық-түлік сапасы жақсы деңгейде,балаларға арналған мәзір талапқа сай екенін атап өтті.

Күн тәртібіндегі мәселелерді талқылай келе өндірістік кеңес қаулы етеді:

- 1.Ғимараттың санитарлық жағдайын жақсарту үшін қосымша тазалақ шаралары жүргізілсін.

2. Азық-түлік жеткізу мәселесі бойынша жаңа жеткізушілермен келісім жасалсын. 3. Қажетті оқу құралдары мен ойыншықтардың жетіспейтін бқліктері екі апта ішінде толықтырылсын.

Төрайымы \_\_\_\_\_ Тойбол

Хатшы \_\_\_\_\_ Бекбауова



**ЖСШ «Асия» бөбекжай-балабақшасының өндірістік кеңес**

**№2 хаттамасы**

**05.12.2025ж**

**Қатысқандар:11**

**Күн тәртібі:**

- 1.Жаңа жыл мерекесіне дайындық.
- 2.Өрт қауіпсіздігі ережелерінің сақталуы.
- 3.Қызылша ауруының алдын алу жұмыстары

Тыңдалды:

Өндірістік кеңес мәжілісінің төрағасы балабақша меңгерушісі Г.Тойбол сөз алып,бүгінгі жиналыстың күн тәртібімен таныстырып өтті,алда жаңа жыл мерекесін өткізу жауапкершілігі тұрғанын жеткізді, жаңа жыл мерекесін өткізу барысында ең алдымен өрт қауіпсіздігі мен қауіпсіздігін сақталуын ескертті,сонымен қатар жаңа жыл мерекесі балалардың ең сүйікті мерекелерінің бірі болғандықтан,балаларға қызықты өту үшін бар жағдайлар жасалынып,бағдарламасын талқылып бекітті.

Екінші мәселе бойынша балабақшаның шаруашылық жөніндегі меңгерушісі сөз алып,өрт қауіпсіздік ережелерінің сақталуы жөнінде айтып өтті,қыс мезгілі болғандықтан,алдағы мерекелергі,топтарда қарапайым өрт қауіпсіздік ережелерін сақтауды ескертті.

Үшінші мәселе бойынша балабақша медбикесі Ж.Жамал сөз алып балабақшадағы балаларды жұқпалы аурулардан қорғау мақсатында профилактикалық сенбілік жасалғаны жайлы айтып өтті.

Күн тәртібіндегі мәселелерді талқылай келе өндірістік кеңес қаулы етеді:

- 1.Жаңа жыл мерекесіне дайындық жүргізуге жауапты бекітілсін.
- 2.Өрт қауіпсіздігі ережелеріні сақталсын.
- 3.Балабақша балалары түгел қызылшаға қарсы екпе салдырсын.

Төрайымы

Хатшы



Г.Тойбол

Бекбауова